ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 шілде №5165-25-00-2/1657 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының білім басқармасының «Кентау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Жансая Жәнібекқызы Қали

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түркістан облысының білім басқармасының «Кентау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Жансая Жәнібекқызы Қали мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Жансая Жәнібекқызы Қалиден мемлекет пайдасына 200 466 (екі жүз мың төрт жүз алпыс алты) теңге тұрақсыздық айыбы, 7 980 (жеті мың тоғыз жүз сексен) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 15.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.08.2025, судья Чингиспаева К. С., 27.08.2025